# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № 2119 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2014 жылғы 10 қаңтарда № 2495 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 14 ақпандағы № 112 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 14.02.2014 № 112 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының, 8-1) тармақшасына , «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 қаулысына сәйкес Түркістан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Мұсаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.,

*Қала әкімі* *Б.Әшірбеков*

Түркістан қаласы әкімдігінің 2013 жылғы «13» желтоқсандағы № 2119 қаулысына 1-қосымша

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

| № | Қала атауы | Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны | Оның ішінде | |
|---|---|---|---|---|
| | | | республикалық бюджет есебінен | жергілікті бюджет есебінен |
| 1 | Түркістан қаласы | 13965 | 12155 | 1810 |

Түркістан қаласы әкімдігінің 2013 жылғы «13» желтоқсандағы № 2119 қаулысына 2-қосымша

## Жан басына шағып қаржыландырудың мөлшері

| Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге | |
|---|---|
| Балабақша | Мектеп жанындағы шағын орталық |
| 18375,8 | 12122,4 |

Түркістан қаласы әкімдігінің 2013 жылғы «13 желтоқсандағы № 2119 қаулысына 3-қосымша

## Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| Барлығы | Күніне бір баланың тамағына шығын, теңге (көп емес) | Айына бір баланың тамағына шығын, теңге ( көп емес) |
|---|---|---|
| | 337,35 | 7084,35 |

Ескертпе: Айына бір балаға тамаққа кететін шығын 21 күнге есептелген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК